

Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой - талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Жан-жақты дамыған, шығармашыл, өздігінен жұмыс істей алатын, үздіксіз білім алуға ынтасы бар жастарды дайындау үшін, мектеп қабырғасында оқушылардың функционалды сауаттылықтарын арттыру- маңызды . Функционалды сауатты адам — қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ақуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Бүгінгі күнге қажетті мамандықты таңдап, дұрыс шешім қабылдап, заманауи ақпараттық технологиялардың тілін біліп, кез келген әлеуметтік ортаға бейімделеді. Осы тұрғыда функционалды сауатты адамның негізгі белгілерін тұжырымдауға болады: қоғамдық ортада өмір сүре білетін, тіл табыса білетін, белгілі бір сапалық қасиеттері бар, жалпы негізгі және пәндік құзыреттіліктерді меңгерген адам болып саналады .

Осы орайда Шымкент қаласындағы С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы білім беретін орта мектепте мектеп кітапханасында пән мұғалімдерімен бірге «Кітап оқу –сапалы білім берудің кілті» тақырыбында пікір алмасу болып өтті. Мақсат: пән мұғалімдерінің оқушыларға кітап оқыту арқылы функционалды сауаттылықтарын арттыру, оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы тәжірибелерімен бөлісу, пікір алмасу.

Шара барысында пән мұғалімдері өздерінің іс-тәжіибесімен бөлісе отырып, өз ойларын ортаға салды. Оқушылардың функционалды сауаттылықтарын арттыруда кітап оқудың пайдасы орасан зор екендігін атап өтті. Өйткені, кітап оқи отырып адам есте сақтау қабілетін арттырады, көркем сөйлеуге, сауатты жазуға, білімін толықтырып, шығармашылық ізденіспен жұмыс істеуге үйренеді.

Шара соңында «Мектеп - үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Оқушының бойына білім нәрін дарытуға көмек беретін функционалды сауаттылық мұғалім бойында да болуы тиіс» деген тұжырым жасалды. Сол үшін барлық пән мұғалімдері, сынып жетекшілері алдағы қақытта мектеп кітапханасымен тығыз қарым-қатынаста болып, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру жұмыстарын жоспарлау ұсынылды.

Шымкент Қаласының Білім Басқармасы
Нургуль Шамшиева
Сағадат Нұрмағамбетов Атындағы Мектеп
Шымкент Қаласының Әдістемелік Орталығы
Бегмат Усманов
Жекенова Г.С. Шортанбаева Э.У.

